

**2023-2024 оку жылындағы Т.Жармагамбетов атындағы орта мектебінің  
1 «В» сынып оқушыларымен жыл бойы жүргізілген тәрбие жұмысына талдау**

2023-2024 оку жылында 1 «В» сыныбында 19 оқушы болды. Ері-14, кызы-5. Екінші тоқсанда Сисенбаева Айару Кенесбайқызымен толықты. Оку жылының басында Біртұтас тәрбие бағдарламасының мақсатына сай ұлттық, адами құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысының жоспары жасалды. Жылдық жоспардың мақсатында оқушы бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дамыту көзделді. Жолда жүру ережелері, косымша бағдарлама тақырыптары қамтылды. «Мектеп-мейірім мекені» атты алғашкы білім күніне арналған жаппай тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Балалардың бойында үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету қасиеттерін сініру, Отаншылдық құрмет және азаматтық сана құндылықтарын датыру болды. Сондай-ақ балалардың жазғы демалыстан алған әсерлерін, жаңа оку жылынан не қүтетіндіктерін талқыладық, Ұлттық мұдде, ар-ұят, талап құндылықтарының адам өміріне маңыздылығы аталаپ өтті. Ұлттық, кәсіптік мерекелерге орай сыннып сағаттары жоспарға сай жүргізілді.

Халқымыздың атақты ақын, жазушылары, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің туған күндері аталаپ, оқушыларға ұлы тұлғалардың өмірі, шығармашылығы таныстырылды. Бұл сағаттарда оқушылар өз бетінше ізденіп, ақпараттар жинақтап, таныстырылымдар жасады.

Жылдық жұмыс барысында «Макал-сөздің азығы, Жұмбак-ойдың қазығы» атты танымдық-оыйын, Жеткіншектің жеті жарғысы жобасы бойынша «Әдепті бала –арлы бала», Ата-аналар мектебі жобасы бойынша «Ана –өмір шырағы» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізіліп, оқушы бойында болашаққа он көзқараспен бағытталуға ықпал жасалды.

Оку жылы барысында ата-аналармен тығыз байланыс жүрді. «Мениң отбасым-менің бақытым», «Отбасы жылуы», «Әкеге ізет, анаға құрмет» тақырыптарында «Мектеп, ата-ана, бала» үштігінің ынтымактастығын ныттайтуға бағдарламанған шаралар жоспарға сай өтті. Сонымен қатар Қазақстан халықтарының бірлігі күні, Отан қорғаушылар күні, Женіс күндеріне байланысты сыннып сағаттарында үлкенге ізет көрсету, сыйластық, татулық, ар-ұят, еңбеккорлық қасиеттер насиҳатталды. Ата-аналармен өткізілген «Қыс қызығы» атты эстафеталық ойынға сыннып ата-аналары белсene қатысып, ұйымшылдықтарын көрсетті. Ата-аналар мен оқушылар мактау қағаздарымен марапатталды.

Жыл бойына «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсатына сәйкес жүргізілген жұмыстар қүтілген нәтижеге жетті.

Сынып жетекшісі  К.Т.Сәлиева